



ХҒТАР 17.71.01
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-143-154>

Солтүстік Қазақстан облысы түркі топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты

Ж.С. Таласпаева¹, Е.В. Сабиева², М.Е. Какимова³

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

(E-mail: talaspaeva@inbox.ru)

Аңдатпа. Бұл зерттеу Солтүстік Қазақстан облысындағы түркі тілдес халықтардың топонимдерін лексикалық-семантикалық тұрғыдан жіктеуге бағытталған. Топонимдер - этностың өткенінен этнографиялық деректер жеткізе алатын, дәуірлік жүк арқалаған, ұлттық лексиканың негізгі саласының бірі. Аймақтық топонимдер тарихи, мәдени және тілдік ерекшеліктерді айқындаудың маңызды құралы болып табылады. Зерттеу мақсаты - облыс аумағындағы топонимдердің саласы - гидронимдердің шығу тегін, олардың құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ этномәдени маңызын ашу. Гидронимдердің лексика-семантикалық құрылымын талдау нәтижесінде олардың көбі табиғи нысандарға байланысты болса, кейбірі тарихи оқиғалар мен тұлғалармен байланысты екендігі анықталды. Топонимдердің мазмұнында қазіргі көпшілік тіл тұтынушыларына кодталған этномәдени семантика «жасырын» тұрады. Оның этномәдени семантикасының астарында ежелгі көшпелі қазақ қоғамының қоршаған орта, табиғат, өсімдік әлемі мен су көздеріне қатысты, олардың әр алуан қасиеті мен ерекшеліктері, таным, түсініктері туралы дәстүрлі халықтық білімдер жүйесі көрініс табатындығы айқындалды. Жұмыс барысында тарихи деректер, далалық зерттеу нәтижелері негізінде гидронимдер талданып, олардың негізгі семантикалық топтары анықталды: табиғи нысандар, жер бедері, аң-құс, өсімдік атаулары, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты атаулар. Бүгінде мағынасы күңгірттенген атаулардың құрамында ата-бабамыз мекендеген жердің флорасы мен фаунасынан да ақпарат беретін терминдер айқындалды. Су көздері атауларының бойындағы мәдени және тарихи болмыс ментальды-когнитивтік тұрғыда қарастырылды. Нәтижесінде, зерттеу Солтүстік Қазақстан облысының геолінгвистикалық сипаттамасын толықтыруға және ұлттық мәдени мұраны сақтауға ықпал ететін деректер ұсынылды.

Түйін сөздер: топоним, түркі тілі, лексика, гидроним, геолінгвистика, мәдени семантика, этимология.

Түсті: 30.03.2025; Жөнделді: 20.05.2025; Мақұлданды: 09.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

1 Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазақстан аумағы ежелден бері көптеген этникалық топтардың мекен еткен жері болғандықтан, оның топонимдік жүйесі де ерекше мәнге ие. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысы – тарихи-мәдени мұрасының байлығы мен географиялық ерекшеліктерімен көзге түседі. Облыс аумағы батыста Оралдың сырты, шығыста Ертіс маңы мен кең далалар, солтүстігінде қазақ жазығы мен оңтүстігінде Сарыарқа аймағымен шектелген. Бұл географиялық ерекшеліктер топонимдердің әртүрлілігін, олардың табиғи, тарихи және мәдени факторларға тәуелділігін көрсетеді. Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан Қазақстанның топонимдері тарихи процестерге (көші-қон, мәдени өзара іс-қимыл, экономикалық өзгерістер, отарлау) байланысты әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде бастапқы мағынасы мен шығу себептері адам танымастай болып өзгеріп кеткен жағдайлар да аз емес.

Мәдениеттің, табиғи шындықтың айнасы ретінде ойконимдер, урбанонимдер, гидронимдер және т.б. болып бөлінетін топонимдер қазақ халқының тілі, тарихы, материалдық және мәдени мұрасын танытатын тарихи-мәдени код болып табылады. Осыған байланысты, Солтүстік Қазақстан облысындағы түркілік топонимдерді зерттеу – аймақтың тарихи, лингвистикалық және мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетіндегі өмір – тіршілігі сөзбен таңбаланады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы – топонимдер, яғни, жер-судың, туған-өскен өлкенің атаулары, әр алуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер болып табылады, - деп жазады тілші-ғалым А.Жұбанов [1, 49]. Топонимдер халықтың өткен тарихы мен таралу географиясынан, мәдени, сауда орталықтары мен бастан кешкен негізгі тарихи оқиғаларынан хабар береді.

Ресей елімен шегаралас орналасақан Солтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің түркілік қабатын зерттеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық сабақтастық негіздерін байланыстыру арқылы рухани тілдік құндылықтарымыздың зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Бұл мақалада топонимнің ауқымды саласы – гидронимдердің лексикалық-семантикалық құрылымы, олардың этимологиясы және құрылымдық ерекшеліктері талданады.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде Солтүстік Қазақстан облысындағы тарихи дереккөздер, топонимдік сөздіктер, энциклопедиялар және жергілікті тұрғындардан алынған далалық деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, аймақтың әртүрлі аудандарындағы жер-су объектілері мен елді мекендердің атаулары жинақталды. Жиналған атаулардың саны – 92. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Теориялық талдау: Берілген аймақтың гидронимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу арқылы атаулардың қандай мағыналық топтарға жататыны анықталды. Бұл әдіс гидронимдерді жүйелі түрде талдап, олардың мағыналық ерекшеліктерін және этимологиясын жіктеуге мүмкіндік берді. Уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған немесе көмескіленген кейбір атауларға теориялық талдау жасау арқылы олардың қазіргі және тарихи мағынасы анықталып, семантикалық ерекшеліктері сарапталды.

Тарихи әдіс: фольклор мен аңыз-әңгімелер арқылы Баян көлі, Айымжан көлі гидронимдердің шығу тегі түсіндірілді. Біраз топонимдер уақыт өте келе фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Кейбір атаулар қысқарып немесе мағынасы өзгеріп, басқа тілдік элементтермен алмасады. Зерттеу нысанына алынған аймақтың гидронимдерінің шығу тегін, тарихи дамуын және уақыт өте келе өзгерістерін зерттеу барысында бұл әдіс белсенді қолданылды. Осылайша теориялық талдау мен тарихи әдісті біріктіре отырып, топонимдердің мағыналық және тарихи ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік туды.

Лингвомәдени талдау: Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық жүйесін лингвомәдени талдау зерттеушілерге тілдік, тарихи және мәдени ағымдар бірігетін қызықты саланы ашады. Бұл зерттеу топонимдерді облыстың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі ететін ерекшеліктерді анықтауға бағытталды.

Жоғарыда аталған әдістер топонимдердің құрылымдық, семантикалық және тарихи аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Топонимдер жүйесі әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларының сабақтас пәндерінде, ең алдымен, филология ғылымында, сондай-ақ соңғы кезде тарих, география, археология, этнография және т.б. сияқты ғылым салаларында белсенді зерттеліп келеді. Географиялық орындардың атаулары тарихи оқиғалар, табиғи жағдайлар, халықтың тілдік ерекшеліктері туралы ақпаратты сақтаушылар болып табылады, бұл топонимиканың лингвистика, тарих, өлкетану, география т.б. ғылым салаларымен тығыз байланысты болуының дәлелі. Зерттеудің негізгі бағыттарын келесідей бөлуге болады:

Қазақ топонимдерінің этимологиясы мен семантикасына бағытталған лингвистикалық зерттеулер олардың шығу тегі мен дамуын мәдени және тілдік орта контекстінде зерттейді. Бұл зерттеулер тарихи оқиғалар мен халықтардың көші-қонының топонимдердің қалыптасуына қалай әсер еткенін талдайды. Тарихи-географиялық зерттеулерге ерекше назар аударған ғалым Қ.Байпақов Қазақстанның топонимикасын зерттей отырып, топонимдерді, археологиялық жәдігерлерді зерттеу арқылы географиялық жер атауының мәдени мұрамен, халықтың тарихи оқиғаларымен тығыз байланысы туралы ақпарат береді [2, 11]. Қазақ ономастикасы ғылымының зерттелуіне мол үлес қосқан Т.Жанұзақов еңбектері құнды [3, 256]. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының елдегі ономастиканы зерделеуге бағытталған зерттеулерінің маңыздылығын атап өткен жөн. Топонимика саласында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен зерттелген. Қазақстанның топонимдік жүйесін зерттеу барысында С.Қ.Иманбердиева, Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, З. Тайшыбай және басқа да ғалымдардың еңбектері үлкен маңызға ие [4, 788]. Олардың зерттеулерінде топонимдердің құрылымдық ерекшеліктері, тарихи дамуы, сондай-ақ этномәдени семантикасы жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар, Хайдеггер, Леви-Стросс сияқты философтар мен мәдениеттанушылардың теориялық көзқарастары тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге қосқан үлесі зор. Олардың еңбектерінде мәдениеттің адамның дүниетанымына типізетін әсері, топонимдердің қалыптасуындағы тарихи және экстралингвистикалық факторлар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды [5, 109; 6, 384]. .

Осылайша, Қазақстан топонимдерінің қалыптасуын зерттеу көптеген факторларды: тарихи, лингвистикалық, мәдени факторларды талдауды қамтитын процесс болып табылады.

Бұл әдеби шолу зерттеу жұмысына теориялық база қалыптастырып, топонимдердің құрылымдық және семантикалық талдауына негіз болды.

Талқылау және нәтижелер

Топонимдердің этимологиясы мен құрылымдық ерекшеліктерін талдау көрсеткендей, көптеген атаулар ежелгі көшпелі қазақ қоғамының табиғатпен қарым-қатынасын, оның әлемді қабылдау тәсілін және мәдени дәстүрлерін сақтап қалған. Зерттеу барысында кейбір атаулардың мағынасы уақыт өте келе өзгергені және қазіргі тілдік ортада жаңа семантикалық қасиеттер алғаны анықталды. Адамзаттың мәдени мұрасы үшін географиялық аймақтардың атаулары құнды ескерткіштер болып табылады. Ұлы ғалым және академик В. В. Бартольд осыған байланысты: “Туысқан түркі халықтарының арасында қасиетті жерлердің топонимдері тапқырлығымен, дәлдігімен, қарапайымдылығымен және тарихи деректерімен таң қалдырады”, - деген болатын [7, 24].

Түркі топонимдердің лексикалық-семантикалық жіктелуі:

Өңіріміздің жер-су, елді мекендер атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан кең ауқымда зерттеу аса маңызды. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, дромоним, дримоним т.б. түрлерге бөлінеді. Біз осы түрлерінің ішіндегі гидронимдерге зерттеу жүргізуді мақсат еттік. Солтүстік Қазақстан облысының топонимикасын зерттеген ғалымдар Солтүстік Қазақстан облысының аумағы 97,99 мың шаршы км десек, оның 60 -ын су алып жатыр. Бұл осы облыстың климаты, шаруаға жайлылығы жөнінде мол ақпарат береді. Көлі ең көп орналасқан Жамбыл ауданы екендігін аңғарамыз, одан кейін Мамлют, Қызылжар аудандары. Ақжар, Ғабит Мүсірепов аудандарында көлдің саны өте аз деген тұжырым жасайды [4, 19].

Солтүстік Қазақстан облысындағы топонимдер бірнеше негізгі семантикалық топқа бөлінеді, соның ішіндегі гидронимдерді зерттеу нәтижелері бойынша келесі негізгі бағыттарда жіктеп көрсетеміз:

- Табиғи нысандарға қатысты гидронимдер

Бұл топқа өзендер, көлдер, таулар, ормандар және басқа табиғи объектілердің атаулары жатады. Гидроним атауларының табиғатпен байланысты мәдени семантикалық аспектілерін қарастыра отырып, олардың табиғат аясындағы түр-түс, жер бедері, тарихи оқиғалар мен тұлғалар, аң-құс, өсімдіктер дүниесі, су көздерімен байланысты болып келетініне назар аудардық. Солтүстік Қазақстанның гидронимиясында географиялық объектілердің жекелеген белгілерін көрсететін өзендер мен көлдердің атауларын белгілі бір белгілерге негізделген семантикалық кіші топтарға бөліп көрсеткен жөн. Өзендер мен көлдердің атауларында түс, тереңдік, көлем сияқты белгілер айқын көрініс табады. Бізді қоршаған географиялық атаулардың түстермен байланысты қойылғандары айрықша топты құрайды. Тіл маманы К. Рысбергенованың соңғы зерттеулері қазақ топонимиясында 10 негізгі түс (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, ала, сұр, жирен) атрибутталғанын көрсетеді. Осы түстердің арасында топонимикалық белсенділігі жөнінен Қазақстанның барлық аймақтарында таралған ақ, қара, қызыл, сары, көк лексемалары басымдылық көрсетеді [8, 78]. Мысалы: Калиновка ауылының оңтүстігіндегі Шұбар көлі, Симаки

ауылының оңтүстік-шығысындағы Сары көл, Октябрь ауылының солтүстік-шығысындағы Қаракөл көлі, Рябиновка ауылының шығысындағы Жалтыр көлі, Жамбыл ауданындағы Жалтырша көлі, Глубокое ауылының солтүстігіндегі Сары көл, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Көк көлі, Коваль селосының оңтүстігінде Алтын көлі. Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысының гидронимиясында су объектілерінің номинациясына мынадай түсті белгілер негізделді: ақ, сары, алтын, қара, көк және реңкті сипаттағы «жалтыр», «шұбар» сөздер.

- Рельефтік гидронимдер: Гидронимдердің негізі жер бедері мен ландшафт ерекшеліктері болып табылады. Рельеф пен ландшафттың ерекшеліктері «шама», «көлем», «тереңдік», судың, топырақтың қасиеттері, жер бетінің табиғаты, пайдалы қазбалар мен басқа да шикізат ресурстарының болуы сияқты ұғымдармен сипатталады. Нысанның көлемі мен тереңдігін гидронимдер көрсетеді: Токуши ауылының солтүстік-батысындағы Үлкен Токуши көлі; Қарағаш ауылының оңтүстігіндегі Үлкен Балықты көлі; Алабие ауылының солтүстік-шығысындағы Үлкен Батпақкөл көлі; Николаевка ауылының солтүстік-батысындағы Үлкен Қамыстыкөл көлі; Спасовка ауылының батысындағы Үлкен Қоржанкөл көлі; Корнеевка ауылының солтүстік-батысындағы Үлкен Тораңғұл көлі; Айыртау ауданындағы Шалқар көлі; Ольговка ауылының солтүстігіндегі Үлкен Избасар көлі; Троицкое ауылының оңтүстігіндегі Үлкен Қарақоға көлі; Пчелино ауылының оңтүстік-шығысындағы Қисық Калдаман көлі; Мамлютка қаласының батысындағы Жазық көл; Семиполка ауылының батысындағы Қоскөл көлі; Борки ауылының оңтүстік-батысындағы Үлкен-Жарма көлі т.б. Берілген мысалдардан аңғарғанымыз көлдердің сипаттамасында пішін мен тереңдік ұғымдары анық көрсетілген.

- Жер бедеріне қатысты гидронимдер:

Бұл топ топонимдердің негізгі құрамдас бөлігі ретінде жердің табиғи қасиеттерін, топырақтың құрылымын және ландшафтық ерекшеліктерін сипаттайды. Атауларда жердің сипаты (құм, саз, тас) және пайдалы қазбалардың болуы белгіленеді. Мысалы, «Құмды көл», «Ақ саз көлі» деген атаулар жердің табиғи ерекшелігін бейнелейді.

Гидрографиялық объектілер номинациясының негізі көбінесе жер бедерінің сипаты, күнделікті өмірде халық пайдаланатын шикізат ресурстары мен табиғи байлықтарының болуы болып табылады. Бұл белгілерді жан-жақты қарастырған жөн, өйткені жер бетінің ерекшеліктері (құм, саз, тас) сонымен бірге пайдалы қазбалардың көрсеткіштері болып табылады. Солтүстік Қазақстанның гидронимикалық жүйесінде халықтың шаруашылық қызметіне қажетті табиғи ресурстар мен пайдалы қазбалардың атаулары көрініс табады. Мысалы: «саз» - Ақ саз көлі; «әк» - Әк көлі; «құм» - Комсомольское селосының оңтүстік-шығысындағы Қайранкөл көлі; Макарьевка ауылының солтүстік-батысындағы Құмды көл; т.б.

Солтүстік Қазақстан гидронимдерінің топонимикалық спектрі алуан түрлі. Біз жүргізген талдау көрсеткендей, өзендер мен көлдердің барлық ұсынылған атауларының ішінде олар «пішін», «түс», «тереңдік», «су сапасы» және т.б. негізінде түрлі сипат алуымен ерекшеленеді. Жекелеген жағдайларда әртүрлі гидронимикалық объектілердің 5-6 бірдей атаулары байқалады.

- Тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты гидронимдер:

Айта кету керек, көшпелі халық көбінесе жер-су атауларын табиғатпен, жер бедерімен байланыстырады. Отырықшы халық атаулармен, лақап аттармен, фамилиялармен, кәсіптермен, бұрынғы тұрғылықты жерлермен және басқа да сипаттамалармен

байланысты атаулар беруге бейім. Аталған топқа тарихи оқиғалар, батырлар, атақты тұлғалар немесе белгілі тарихи кезеңдерге байланысты қойылған атаулар енеді.

- Тарихи тұлғалар: Аты белгілі тарихи тұлғалар мен оқиғаларға негізделген атаулар халықтың ұжымдық жадында сақталған. Мысалы, кісі есімдерімен аталған көл атауларын жиі кездестіреміз: Өдірбек көлі, Бесбай көлі, Есбол көлі, Есенбай көлі, Зейнекеш көлі, Ханкелді көлі, Шоқай көлі т.б. Осы сияқты кісі есімдерімен берілген атаулардың шығу себептерін анықтап, зерттеулер жүргізудің қажеттілігін белгіледік және ол туралы болашақ зерттеулерде жазамыз.

- Тарихи оқиғалар: Кейбір атаулар белгілі бір тарихи кезеңдер немесе оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Айыртау ауданындағы Баян көлі атауының шығуына байланысты халық арасында аңыз тараған деседі: «Ертеде бұл өңірге дәулетті бай көшіп келген. Байдың Баян атты жалғыз қызы ауыр жолдың тауқыметін көтере алмай, қайтыс болады. Қайғыға душар болған бай жергілікті жердегі көл атауын қызының құрметіне атайды. Сол кезден «Баян» топонимі пайда болған» [4, 483]. Жамбыл ауданындағы Айымжан көлінің аталу себебін көрсететін де аңыз бар: Елдің есінде қалған аңызға сүйенсек, Біржан салдың ағасы Нұржан Айымжан атты сұлуға ғашық болады. Қос ғашық бірге бола алмайды, Нұржанның атастырылған қызы болса, ал Айымжанды бейтаныс адам зорлықпен алып қашады. Бірақ та зорлықшының қолында қалмау үшін айла іздеген қыз олардан құтылып, томардың ішіне кіріп, сол жерде қайтыс болады. Айымжан қайтыс болған томар көлге айналып, Айымжанның есімі көлге қойылады. Көл бойын жағалай орналасқан ауыл да көлдің атауымен аталады. Қазіргі таңда Саумалкөл – Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының орталығы. Шығармада көлдің жағасы қарағай, суы саумалдау болған себебінен, «Саумалкөл» аталғанын айтады. Суы саумалдау болса да, ішуге болатындығын атап өтеді. Сол сияқты Саумалкөл атауы «саумалдық өсімдігінің көл жағасында өсуіне байланысты аталуы мүмкін» деген пікірді де жоққа шығармайды [4,140]. Солтүстік Қазақстан облысындағы топонимдердің көпшілігі ежелгі көшпелі қазақ қоғамының дүниетанымын, табиғатқа деген қарым-қатынасын және өмір салтының ерекшеліктерін көрсетеді. Кейбір топонимдердің шығу тегінде көне түркі тілінің элементтері бар. Мысалы, «Қайраңкөл» атауындағы «қайыр» түбірі көне түркі тілінде «құм» мағынасын береді, яғни, құмы су бетіне шығып жатқан кіші көл деген мағынаны білдірген, оның семантикасы уақыт өте келе өзгеріп, «таяз су» немесе «өткел» мағынасына ие болды. Осы атаудың этимологиясына байланысты зерттеулерде: «қайыр + аң «құман», «құмдауыт жер» деген сөз. Қолданылу барысында «таяз су», «өткел» мағыналарына ауысқан. Қайраңның құмы су бетіне жақын немесе көрініп жататыны мәлім», – деп тұжырымдалған. [9, 42]. Қарқаралы көлі гидронимінің құрамындағы қар (гар, гер) – «тау», «тау жоталары» дегенді білдірсе, ал қара (ғара, гара) – «биік», «алып», «ұлы» деген мағынада тілімізде бүгінге дейін қолданылып келеді» деген түйінге келген. «Тау етегіндегі үлкен көл» деген мәнді білдіруі ықтимал [4,110]. Осы аймақта жиі кездесетін гидронимдердің бірі - Ащыкөл «тұзды, тұзы күшті, сор дәмі бар; тұщы емес» деген сын есімнен жасалған термин. Осы сияқты Алабота, Теректі, Қарақоға көлдерінің атауы жағасында осы өсімдіктердің өсуіне байланысты қойылғандығын аңғару қиын емес. Торанғұл – Тереңкөл, Үлкен Токушино көлі бастапқы Тоқыш көлі атауларынан өзгеріске түскен гидронимдер. «Жалқы есімдер халықтың этникалық және әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты бай экстралингвистикалық ақпарат береді. Әр атаудың сыртында қандай да бір уәж тұрады, соның негізінде атау қалыптасады». [4, 219].

- Аң-құс, жануар, жәндік атауларымен берілген гидронимдер: Қошқар көлі, Жыланды көлі, Қоянды көлі, Балықты көлі, Итбалық көлі, Шағалалы көлі, Арықбалық көлі, Сарыбалық көлі, Өгізөлген көлі, Текелі көлі, Аққошқар көлі, Қойшолақ батпағы, Құлабие көлі, Көкайғыр көлі, Қарабие көлі, Қасқырлы көлі, Бұзау көлі, Борсықбай өзені т.б.

- Өсімдік атауларымен аталған гидронимдер: Ағаштыкөл, Алабота көлі, Жапырақ көлі, Теректі көлі, Қарақоға көлі, Қамысты көлі, Саумалкөл, Қарақамыс батпағы т.б.

- Соматикалық атаулар арқылы жасалған гидронимдер: Баскөл көлі, Аяқкөл көлі, Қабақты көлі т.б.

Берілген мысалдардан топонимдердің семантикасында ежелгі көшпелі қазақ қоғамының табиғатқа, өсімдіктерге, су көздеріне қатысты дәстүрлі білімдері көрініс табатындығына көз жеткіздік. Бұл атаулар халықтың экологиялық және мәдени қатынастарын айқындайды.

Гидронимдердің құрылымдық ерекшеліктері:

Топонимдер сөзжасам тұрғысынан әртүрлі тәсілдермен жасалады:

- Лексика-семантикалық тәсіл: аффикстер қолданылмай, түбір сөздер негізінде құрылған атаулар. Мысалы, «Жалтыр көлі», «Сары көл», «Шұбар көл» сияқты атаулар.

- Лексика-синтаксистік тәсіл: сөз тіркестері немесе біріккен сөздер арқылы жасалған атаулар. Мысалы, «Үлкен Избасар көлі», «Ақ саз көлі», Қисық Калдаман көлі, Үлкен Қамыстыкөл, Қайранкөл көлі, Жамантүз көлі т.б.

- Морфологиялық тәсіл: -лы, -лі; -ды, -ді; -ты, -ті аффикстерінің жалғануы арқылы гидронимдер жиі жасалады. Мысалы, «Құмды көл», «Қасқырлы көлі», «Теректі көлі» Шағалалы көлі, Қарқаралы көлі т.б. атаулары.

Бұл құрылымдық ерекшеліктер топонимдердің қалыптасу механизмін, халықтың дүниетанымын және тілдік эволюциясын көрсетеді. Топонимдердің жасалу тәсілдеріне қарай қазақ (кеңінен алғанда түркі) тіліне предикатив конструкциялы болып келетін күрделі топонимдер тән болса (Өгізөлген көлі, Үлкен Избасар көлі), орыс (кеңінен алғанда славян) тілі топонимдерінің жасалу ерекшелігі – жұрнақтың жалғануында деген тұжырыммен келісеміз [10, 16].

Сондай-ақ, топонимдердің этимологиясын нақтылау үшін салыстырмалы тарихи лингвистиканың жалпы принциптерін елемей пайдалы екенін көреміз, атап айтқанда, туыстық тілдер арасындағы фонетикалық сәйкестіктерді, фонетикалық ауысулардың салыстырмалы даталарын және фонологиялық жүйелердің құрылымына сәйкес кірме сөздердің фонетикалық бейімделу мүмкіндіктерін ескеру маңызды [11, 62].

Топонимдер тек тілде болатын лексикалық бірліктер. Ономастиканың бір бөлігі бола отырып, топонимика топонимдерді өзіндік ерекшеліктері, семантикасы, құрылымы мен функциялары бар тіл бірлігі ретінде зерттейді [12, 9]. Топонимдердің семантикасы олардың тарихы мен мәдениетінің айнасы болып табылады. Әр топонимнің астарында ежелгі көшпелі қазақ қоғамының табиғатпен, өсімдік әлемімен және су көздерімен байланысты дәстүрлі білім жүйесі жатыр. Мысалы, өзендер мен көлдер атауларында табиғаттың түсі, пішіні, тереңдігі және көлемі сипатталса, олар халықтың табиғатқа деген көзқарасын, оның сұлулығы мен құндылығын бейнелейді.

Топонимдер арқылы халықтың рухани және мәдени құндылықтары, тарихи жадтағы оқиғалар мен тұлғалар сақталады. Әрбір атаудың сыртында оның қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиға немесе этникалық мәнмәтін жатыр.

Қорытынды

Көне түркі дәуірінен бері жеткен географиялық атаулар – тіліміздің байлығының бір көрінісі. Алайда олардың бастапқы мағынасы уақыт өте көмескіленіп, бүгінде толық түсінікті бола бермейді, яғни ақпараттық қызметін толық атқармай отыр. Осындай атаулардың мәнін ашып, ұрпаққа жеткізу – құнды мәдени мұра, өйткені атаудың өзінде жер бедері мен су көздеріне қатысты маңызды деректер сақталған.

Бұл мақалада біз қазақ жер-су атауларындағы түркілік қабатты зерттеген және олардың шығу тегінің айқындаған ономаст-ғалымдардың еңбектеріне қысқаша тоқталдық. Ең маңыздысы – бұл атаулардың географиялық нысандарды белгілеудегі негізгі рөлін айқындап, ел бірлігін сақтау тұрғысынан да маңызды мәселе екенін көрсету.

Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстан облысындағы топонимдер, оның ішіндегі гидронимдер тек географиялық атаулар ғана емес, олар халықтың тарихи жадын, мәдени құндылықтарын және табиғатқа деген көзқарасын бейнелейді.

- Табиғи нысандарға қатысты топонимдерде түс, пішін, көлем және тереңдік сияқты сипаттамалар ерекше орын алады.

- Жер бедеріне қатысты атауларда табиғи ресурстар мен жердің ерекшеліктері айқын көрініс табады.

- Тарихи оқиғалар мен тұлғаларға негізделген топонимдер халықтың ұжымдық жадында сақталған маңызды деректер болып табылады.

- Аң-құс, өсімдік атауларына қатысты қалыптасқан гидронимдер өзінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Осы мақалада Солтүстік Қазақстан облысындағы түркі топонимдерінің лексикалық-семантикалық жіктелуі жан-жақты талданды. Зерттеу барысында алынған деректер аймақтың тарихи-мәдени және геолінгвистикалық ерекшеліктерін анықтап, топонимдердің халықтың дүниетанымы мен мәдениетінде қаншалықты маңызды орын алатынын көрсетті. Зерттеу жұмысы Солтүстік Қазақстан облысының геолінгвистикалық сипаттамасына үлес қосып, ұлттық мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын арттыруға бағытталған. Алынған нәтижелерді ескере отырып, болашақ зерттеу жұмысында назарға алатын мәселелерді ұсынамыз:

- Болашақ зерттеулерде топонимдердің семантикалық өзгерістері, олардың уақыт өте келе қалай өзгередіні және қазіргі қоғамдағы орнын тереңірек талдау қажет.

- Жергілікті халықтың мәдени құндылықтарын, дәстүрлерін тереңірек ашу мақсатында этнографиялық зерттеулерді күшейту қажет.

Мақалада ұсынылған талдау нәтижелері келешектегі ғылыми зерттеулерге және ұлттық мәдени мұраны сақтауға бағытталған практикалық ұсыныстар ретінде қарастырылады.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала АР19676219 «Солтүстік Қазақстан мен Ресей Федерациясының шекаралас аудандарының топонимикалық ландшафтын интегралды зерттеу» ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде орындалды» 2023 жылғы 03 тамыздағы № 243/23-25 ҚР ҰҚМ гранттық қаржыландыруға арналған шартына сәйкес орындалды.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Ж.С.Таласпаева – мақала мазмұнын мен негізгі бөлімін жазды, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекітуге, және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарауға жауапты болды. Е.В. Сабиева – материалдарды жинақтау, мақаланы рәсімдеумен айналысты. М.Е. Какимова – мақаланың талқылау жұмыстарына үлес қосып отырды. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А. Қолданбалы тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 640 б.
2. Иманбердиева С.Қ., Тайшыбай З.С., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық әдістемелік орталығы, 2020. – 788 б.
3. Ахметжанова Г., Мәлікова С., К.Оспанов, Тайшыбай З. Атамекен атаулары. Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары. – Петропавл: «Северный Казахстан», 2013. – 343 бет.
4. Байпақов К., Археология арқылы асылдарымызды тарих тұңғыығынан аршып алдық / К. Байпақов //Ана тілі. –2009.- 22-28 қазан. – 11 б.
5. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. –356 бет.
6. Хайдеггер М. Время картины мира // Новая технократическая волна на Западе. – Москва, 1986. – С. 109.
7. Леви-Стросс К. Первобытное мышление. – Москва, 1994. – 384 с.
8. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 153 с.
9. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
10. Бартольд В. В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. –192 с.
11. Dybo, A. V., Baibossyn, A. M., Kenzhalin, K. K., Begimova, G. A., Abdualiuly, B., & Khonin, V. N. Revisiting the Mongolian Stratum of Kazakh Place Names. Voprosy onomastiki. – 2024. – №21(1). – Pp. 27–71. DOI: https://doi.org/10.15826/vopr_onom.2024.21.1.002
12. Акижанова Д., Омарова А., Стоянова Д. Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2024. – №4. – С. 7-17. URL: <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/724/288>

Ж.С. Таласпаева*, Е.В. Сабиева, М.Е. Какимова

Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Лексико-семантический характер тюркских топонимов Северо-Казахстанской области

Аннотация. Данное исследование направлено на лексико-семантическую классификацию топонимов тюркоязычных народов Северо-Казахстанской области.

Топонимы - одна из основных сфер национальной лексики, способная передавать этнографические данные из прошлого этноса. Региональные топонимы являются важным средством определения исторических, культурных и языковых особенностей. Цель исследования - раскрыть происхождение гидронимов - отрасли топонимов на территории области, их структурные и семантические особенности, а также этнокультурное значение. В результате анализа лексико-семантической структуры гидронимов установлено, что многие из них связаны с природными объектами, некоторые - с историческими событиями и личностями. В содержании топонимов «скрыта» этнокультурная семантика, закодированная современным языковым потребителем. В основе его этнокультурной семантики лежит традиционная система народных знаний древнего кочевого казахского общества об окружающей среде, природе, растительном мире и источниках воды, об их многообразии и особенностях, познаниях, понятиях. В ходе работы на основе исторических данных, результатов полевых исследований были проанализированы гидронимы и определены их основные смысловые группы: природные объекты, рельеф местности, названия зверей, растений, названия, относящиеся к историческим событиям и личностям. Сегодня в составе имен, значение которых потускнело, определены термины, дающие информацию как о флоре, так и о фауне Земли, населенной нашими предками. Культурно-историческое бытие в названиях источников воды рассматривалось ментально-когнитивно. В результате исследования были представлены данные, способствующие дополнению геолингвистической характеристики Северо-Казахстанской области и сохранению национального культурного наследия.

Ключевые слова: топоним, тюркский язык, лексика, гидроним, геолингвистика, культурная семантика, этимология.

Zh.S. Talaspayeva*, E.V. Sabieva, M.E. Kakimova

M. Kozybaev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

Lexical and semantic character of the Turkic toponyms in the North Kazakhstan region

Abstract. This study is aimed at the lexico-semantic classification of toponyms of the Turkic-speaking peoples of the North Kazakhstan region. Toponyms are one of the main areas of national vocabulary capable of transmitting ethnographic data from the past of an ethnic group. Regional toponyms are important for identifying historical, cultural, and linguistic features. The study's purpose is to reveal the origin of hydronyms—branches of toponyms in the region—their structural and semantic features, and their ethnocultural significance. The lexical and semantic structure of hydronyms was analyzed, and it was found that many of them are associated with natural objects, some with historical events, and some with personalities. In the course of the work, based on historical data and the results of field research, hydronyms were analyzed and their main semantic groups were identified: natural objects, terrain, names of animals, plants, names related to historical events, and personalities. As a result of the study, data were presented that contribute to complementing the geolinguistic characteristics of the North Kazakhstan region and preserving the national cultural heritage.

Keywords: toponym, Turkic language, vocabulary, hydronym, geolinguistics, cultural semantics, etymology.

References

1. Zhubanova A. Koldanbaly til biliminin maseleri [Problems of Applied Linguistics]. (Arys, Almaty, 2008, 640 p.) [in Kazakh]
2. Imanberdieva S.K., Tayshybai Z.S., Malikova S.Z. Soltustik Kazakstan oblysy toponimderi [Toponyms of North Kazakhstan Region]. (Sh. Shayahmetov Atyndagi Tildy Damytudy Respyblikalik Adistemelik Ortalygy, Nur-Sultan, 2020, 788 p.) [in Kazakh]
3. Akhmetzhanova G., Malikova S., Ospanov K., Tayshybai Z. Atameken ataulary. Soltustik Kazaqstan oblysynyn toponimikalyk ataulary [Homeland Names. Toponymic Names of North Kazakhstan Region (Severnyi Kazakhstan, Petropavl, 2013, 343 p.) [in Kazakh]
4. Baipakov K. Arkheologiya arkyly asyldarymyzdy tarykh tungygyynan arshyp aldyk [Through Archaeology, We Recovered Our Treasures from the Depths of History] / K. Baipakov. Ana tili, 22-28 October, 2009, 11 p.) [in Kazakh]
5. Zhanuzak T. Tarikhi zher-su attarynyn tup-torkini [The Origins of Historical Place Names]. (Sozdyk-Slovar, Almaty, 2010, 356 p.) [in Kazakh]
6. Heidegger M. Vremya kartiny mira [The Time of the World Picture]. In: Novaya tekhnokraticeskaya volna na Zapade [New Technocratic Wave in the West] (Moscow, 1986, p. 109) [in Russian]
7. Levi-Strauss C. Pervobytnoye myshlenie [Primitive Thinking]. (Moscow, 1994, 384 p.) [in Russian]
8. Rysbergenova K. Istoriko-lingvisticheskoe issledovanie toponimov Yuzhnogo Kazakhstana [Historical-Linguistic Study of Toponyms in Southern Kazakhstan]. (Gylym, Almaty, 2000, 153 p.) [in Russian]
9. Biyarov B. Kazak toponimderinin tiptyk ulgileri [Typical Models of Kazakh Toponyms]. (Sh. Shayahmetov Atyndagi Tildy Damytudy Respyblikalik Adistemelik Ortalygy, Astana, 2013, 432 p.) [in Kazakh]
10. Bartold V. V. Tyurki: Dvenadtsat' lektsiy po istorii turetskikh narodov Srednei Azii [The Turks: Twelve Lectures on the History of Turkish Peoples of Central Asia]. (Zhaly, Almaty, 1993, 192 p.) [in Russian]
11. Dybo, A. V., Baibossyn, A. M., Kenzhalin, K. K., Begimova, G. A., Abdualiuly, B., & Khoninov, V.N. Revisiting the Mongolian Stratum of Kazakh Place Names. Voprosy onomastiki, 21(1), 27–71 (2024). DOI: https://doi.org/10.15826/vopr_onom.2024.21.1.002
12. Akizhanova D., Omarova A., Stoyanova D. Issues of interlanguage transfer of toponyms of the Republic of Kazakhstan. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, 4, 7-17 (2024). URL: <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/724/288>

Авторлар туралы мәлімет:

Таласпаева Ж.С. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан. E-mail: talaspaeva@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-8209-5116.

Сабиева Е.В. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан. E-mail: sabieva1969@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4440-9778.

Какимова М.Е. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан. E-mail: mkakimova2009@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6833-5857.

Таласпаева Ж.С. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, профессор, Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: talaspaeva@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-8209-5116.

Сабиева Е.В. – кандидат филологических наук, доцент, Северо-Казахстанский университет им.М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: sabieva1969@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4440-9778.

Какимова М.Е. – кандидат филологических наук, доцент, Северо-Казахстанский университет им.М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. E-mail: mkakimova2009@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6833-5857.

Talaspaeва Zh.S. – corresponding author, Candidate of Philology, Professor, M. Kozybaev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. E-mail: talaspaeva@inbox.ru, ORCID: 0000-0002-8209-5116.

Sabieva E.V. – Candidate of Philology, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. E-mail: sabieva1969@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4440-9778.

Kakimova M.E. – Candidate of philology, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. E-mail: mkakimova2009@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6833-5857.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).